**2012 жылы Казталов ауданында қаңтар-наурызда азаматтарды шақыру учаскелеріне тіркеуді ұйымдастыру және қамтамасыз ету туралы**

***Күшін жойған***

Батыс Қазақстан облысы Казталов ауданы әкімінің 2011 жылғы 21 желтоқсандағы N 35 шешімі. Батыс Қазақстан облысы Әділет департаментінде 2012 жылғы 9 қаңтарда N 7-8-139 тіркелді. Күші жойылды Батыс Қазақстан облысы Казталов ауданы әкімінің 2012 жылғы 26 наурыздағы N 11 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды Батыс Қазақстан облысы Казталов ауданы әкімінің 26.03.2012 N 11 шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі "Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" Заңының 17 бабының 3 тармағын, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін өзі басқару туралы" Заңының 33 бабын басшылыққа алып **ШЕШІМ ЕТЕМІН**:

1. "Батыс Қазақстан облысы Казталов ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" мемлекеттік мекемесіне (келісім бойынша), 2012 жылдың қаңтар-наурызда тіркелетін жылы он жеті жасқа толатын еркек жынысты азаматтарды шақыру учаскелеріне тіркеуді ұйымдастыру және қамтамасыз ету ұсынылсын.

2. Ауылдық округ әкімдеріне азаматтардың әскер қатарына шақыру учаскелеріне толық түрде келуін қамтамасыз ету тапсырылсын.

3. "Казталов аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі шақыру учаскелеріне тіркеуді ұйымдастыруға техникалық қызметкерлердің қажетті санын қамтамасыз етсін.

4. Батыс Қазақстан облысының әкімдігі, Батыс Қазақстан облысының денсаулық сақтау департаментінің "Казталов аудандық орталық ауруханасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны (келісім бойынша) және Батыс Қазақстан облысының әкімдігі, Батыс Қазақстан облысының денсаулық сақтау департаментінің "Казталов аудандық ауруханасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнына (келісім бойынша):

1) тіркелгендерді медициналық тексеруден өткізу жөнінде жан–жақты шаралар алу;

2) тіркеу кезінде сырқат екендігі анықталғандарға емдеу жұмыстары жүргізу ұсынылсын.

5. "Батыс Қазақстан облысы Казталов аудандық ішкі істер бөлімі"

мемлекеттік мекемесіне (келісім бойынша) тіркеу кезінде жергілікті учаскелік инспекторлардың жұмысын ұйымдастыру, шақыру учаскесінде тәртіптің сақталуын қамтамасыз ету ұсынылсын.

6. Осы шешім алғаш ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

7. Шешімнің орындалуына бақылау жасау аудан әкімінің орынбасары С. Молдашевқа жүктелсін.

*Аудан әкімі Т. Сапаров*

*КЕЛІСІЛДІ:*

*"Батыс Қазақстан облысы Казталов ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бастығы*

*_____________Дарменов Мақсот Қайроллаұлы*

*21.12.2011 ж.*

*"Батыс Қазақстан облысы Казталов аудандық ішкі істер бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бастығы*

*_____________Бисенов Бектас Бересұлы*

*21.12.2011 ж.*

*"Батыс Қазақстан облысының әкімдігі, Батыс Қазақстан облысының денсаулық сақтау департаментінің "Казталов аудандық орталық ауруханасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны директоры*

*_____________Алтаев Қайырбай Ердосбайұлы*

*21.12.2011 ж.*

*"Батыс Қазақстан облысының әкімдігі, Батыс Қазақстан облысының денсаулық сақтау департаментінің "Казталов аудандық ауруханасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны директоры*

*_____________Рабаев Есенгелді Байзоллаұлы*

*21.12.2011 ж.*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК